

Қазақ тілі (B2 деңгейі). 2-семестр. 3-сабақ. Бірінші бөлім.

Лексикалық тақырып: Өнертабыстағы жаңашылдық жастарға жат па?

Грамматикалық тақырып: Шарт мәнді сөйлемдер, олардың шак, жақ бойынша түрленістері.

Оқылым.

1-тапсырма. Мәтінді түсініп мәнерлеп оқыңыз.

Кез келген елдің экономикасының ілгерілеуі үшін ғылым мен техниканың дамуы аса маңызды. Жаңашылдық – бұл ғылыми-зерттеу немесе өндірістік қызметтің өнімі, кез келген құбылыс, оны пайдалану адам өмірінде белгілі бір нәтижеге қол жеткізеді. Инновация – адам өмірінің барлық сферасына енгізілген жаңашылдық.

Әділет министрлігіне қарасты зияткерлік меншік комитетінің ауқымды іс-шараларының нәтижесінде еліміздің өнертабыс саласында өзгерістер бар. Өнертабысты анықтайтын мемлекеттік сараптаманың сапасы күшейді, мамандардың кәсіби біліктілігі жоғарылады, халықаралық зияткерлік меншік орталықтарымен тығыз байланыс орнаған. Өнертапқыштарды ынталандыратын байқаулар бар. Жыл сайын «Шапағат» байқауы өткізіледі. «Жас дарын», «Белсенді өнертапқыш», «Жас өнертапқыш», «Жыл өнертабысы», «Өнертапқыш әйел» аталымдары бойынша үздіктер анықталады. Жыл сайын елімізде өнертапқыш дарынды жастардың қатары өсіп келеді. Өнертапқыштар өздерінің ғылыми жұмыстарын енгізбес бұрын оны қорғайтын құжатты алады. Бұл – патент немес авторлық куәлік. Отандық идеяларды, жаңашыл ұсыныстарды енгізу арқылы бәсекелестік қабілеті жоғары өндіріс орындарын ашу жұмыстары жүргізілуде.

Сырттан келетін сапасы төмен, қауіпсіздігі күмән тудыратын бұйымдарға тосқауыл қойып, мұндай тауарлардан ішкі нарықты қорғау керек.

Өнертабыс – ғылым туындысы, ой еңбегінің жемісі, қоғам дамуының қозғаушы күші.

Жазылым. Мәтінмен жұмыс.

2-тапсырма. Мәтіндегі жаңа сөздерді жазып, сөздік қорыңызды толықтырыңыз.

3-тапсырма. Мәтінде жиі қайталанатын сөздерді теріп жазыңыз.

4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Кез келген елдің экономикасының ілгерілеуі үшін не маңызды?
2. Инновация – дегеніміз не?
3. Өнертабысты анықтайтын не?
4. Өнертапқыштарды ынталандыратын қандай байқаулар бар?
5. Ғылым туындысы, ой еңбегінің жемісі, қоғам дамуының қозғаушы күші не?

5-тапсырма.

1. Мәтіннен таныс емес жаңа сөздерді аудармасымен жазыңыз, жаттап алыңыз.
2. Шартты райдың жұрнақтарын келтіре отырып, сөйлемдер құрастырып жазыңыз.
3. Мәтіннің мазмұны бойынша бірнеше сұрақ құрастырып, жауабын жазыңыз.
4. Берілген сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастырып жазыңыз: жас өнертапқыш, жаңашыл жастар.

Жазылым. Жаттығу жұмысы.

6-тапсырма. Төменде берілген сөйлемдерді сұраулы сөйлемдерге айналдырып жазыңыз.

Кез келген елдің экономикасын дамыту үшін ғылым мен техниканы жетілдіру қажет. Әлем тез өзгереді, өнеркәсіптің дамуы да өзгеріп тұрады. Пайдалы және қарапайым өнертабыстар күнделікті өмірімізді жеңілдетіп, жақсартады. Қазіргі өнертапқыштар да осал емес. Бүгінгі компьютер, байланыс құралдары, электромобиль сияқты көптеген өнертабыстар – біздің замандастарымыздың табысы.

Айтылым.

7-тапсырма. Сұрақтарға жауап айтыңыз.

- Қандай өнертабыстарды білесіз?
- Өнертабысы қызықтыратын өнертапқыштарды жазыңыз.
- Сіз өнертапқыш болғыңыз келе ме?
- Қай салада жаңалық ашқыңыз келеді?

8-тапсырма. Ұлы тұлғалардың пікірін жалғастырып, ойыңызды айтыңыз.

Шын білім - әрдайым ақиқат, анық болатын білім. Әл-Фараби.

Білгені, көргені көп адам білімді болады. Абай Құнанбаев.

Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім. Мұхтар Әуезов.

Білімдінің сөзін тыңда,

Айтқанын үйрен, іске асыр. Махмуд Қашғари.

3-сабақ. Бірінші бөлім аяқталды. Сабақтың жалғасы екінші бөлімде қарастырылады.